

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еуразиялық көлік дәліздеріне кіретін автомобиль жолдарымен жүрген кезде көлік құралдарының рұқсат етілетін массалары, осытік жүктемесі және габариттері туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 8 ақпандагы № 125 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының  
Президенті мен Үкіметі  
актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еуразиялық көлік дәліздеріне кіретін автомобиль жолдарымен жүрген кезде көлік құралдарының рұқсат етілетін массалары, осытік жүктемесі және габариттері туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) жобасы макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Серік Мақашұлы Жұманғарин Келісімге Қазақстан Республикасының атынан қол қойын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 30.04.2024 № 531 Жарлығымен.**

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ. Токаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2023 жылғы 8 ақпандагы  
№ 125 Жарлығымен  
МАҚҰЛДАНҒАН  
Жоба

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еуразиялық көлік дәліздеріне кіретін автомобиль жолдарымен жүрген кезде көлік құралдарының рұқсат етілетін массалары, осытік жүктемесі және габариттері туралы  
**КЕЛІСІМ**

**Ескерту. Келісім жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 30.04.2024 № 531 Жарлығымен.**

Бұдан әрі мүше мемлекеттер деп аталатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты негізге ала отырып,

Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі - Одақ) транзиттік әлеуетін тиімді пайдалануға, еуразиялық көлік дәліздері бойынша халықаралық автомобиль тасымалдарының тиімділігін арттыруға үмтүла отырып, мүшесі мемлекеттердің автомобиль жолдары инфрақұрылымын сақтауды және жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын сезіне отырып, төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"автобус" - жолаушылар мен багажды тасымалдауға арналған, жүргізуші орнын есептемегендеге отыруға арналған орны 8-ден асатын көлік құралы;

"автопойыз" - жүк автомобильі мен тіркемеден (тіркемелі автопойыз), тартқыштан және жартылай тіркемеден (ершікті автопойыз) тұратын біріктірілген көлік құралы;

"жүк автомобильі" - өз қозғалтқышымен жабдықталған және жүктерді автомобиль жолдарымен тасымалдауға арналған көлік құралы;

"көлік құралының рұқсат етілетін биіктігі" - жүгі бар немесе жүксіз көлік құралының № 1 қосымшада көрсетілген мәндерден аспайтын биіктігі;

"көлік құралының рұқсат етілетін ұзындығы" - жүгі бар немесе жүксіз көлік құралының № 1 қосымшада көрсетілген мәндерден аспайтын ұзындығы;

"көлік құралының рұқсат етілетін ені" - жүгі бар немесе жүксіз көлік құралының № 1 қосымшада көрсетілген мәндерден аспайтын ені;

"көлік құралының рұқсат етілетін массасы" - жүгі бар немесе жүксіз көлік құралының № 2 қосымшада көрсетілген мәндерден аспайтын массасы;

"оське немесе осьтер тобына келетін рұқсат етілетін масса" - автомобиль жолының бетіне көлік құралының осі немесе осьтерінің тобы арқылы берілетін, шамасы № 3 қосымшада көрсетілген мәндерден аспайтын жүгі бар немесе жүксіз масса;

"еуразиялық көлік дәлізі" - мүшесі мемлекеттердің аумақтарымен өтетін халықаралық көлік дәліздері желісіне де интеграцияланған және халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді олар ең көп шоғырланған бағыттарда тасымалдауды қамтамасыз ететін маршруттар жиынтығы, сондай-ақ осы тасымалдарды жүзеге асырудың технологиялық және ұйымдастырушылық-құқықтық шарттарының жиынтығы;

"мүшесі мемлекеттің құзыретті органы" - мүшесі мемлекеттің осы Келісімді іске асыруға байланысты мәселелер өкілдегіктеріне жатқызылған атқарушы билік органы;

"бөлінбейтін жүк" - тұтынушылық қасиеттерін жоғалтпай немесе оны зақымдау қаупінсіз бөліктерге бөлуге келмейтін жүк. Ірі габаритті көлік құралымен тасымалдаған кезде осындай жүкті көлік құралына тиеген кезде оның рұқсат етілетін габариттерінен асып кететін габариті (габариттері) бойынша бөлінбейтін болып табылатын жүк бөлінбейтін жүк болып саналады;

"жартылай тіркеме" - жүктөрді тасымалдау үшін арнайы жабдықталған, тартқышқа осы көлік құралының бір бөлігі тікелей тартқышта орналасатындей және оған өз салмағының бір үлесін беретіндей етіп қосуға арналған көлік құралы;

"тіркеме" - тартқышпен немесе жүк автомобильмен сүйреу арқылы жүк тасымалдауға арналған көлік құралы;

"буынды автобус" - бір-бірімен топсамен қосылған және әрбір секциясында жолаушылардың бір салоннан екіншісіне еркін өтуіне мүмкіндік беретін жолаушылар салоны бар екі немесе одан да көп қатты секциялардан тұратын автобус;

"арнаулы рұқсат" - жүгі бар немесе жүксіз салмақ және (немесе) габариттік параметрлері осы Келісімге сәйкес белгіленген рұқсат етілетін мәндерден асатын көлік құралының еуразиялық көлік дәлізімен жүріп өтуіне мүше мемлекеттің уәкілетті органы белгіленген тәртіппен берген бір мәртелік немесе көп мәртелік рұқсат;

"тартқыш" - өз қозғалтқышымен жабдықталған және тек қана немесе негізінен тіркемені немесе жартылай тіркемені сүйретуге арналған көлік құралы;

"ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті көлік құралы" - жүгі бар немесе жүксіз барынша жоғары салмақ және (немесе) габариттік параметрлері осы Келісімге № 1 - 3 қосымшаларда көрсетілген мәндерден асатын көлік құралы;

"мүше мемлекеттің уәкілетті органы" - мүше мемлекеттің арнаулы рұқсат беруді жүзеге асыратын мемлекеттік билік органы.

2. Осы Келісімде пайдаланылатын өзге ұғымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда айқындалған мағыналарда қолданылады.

## 2-бап

Осы Келісім мүше мемлекеттердің еуразиялық көлік дәліздеріне кіретін автомобиль жолдарымен (бұдан әрі - автомобиль жолдары) жүрген кезде көлік құралдарының рұқсат етілетін массаларын, осытік жүктемесін және габариттерін белгілейді. Еуразиялық экономикалық комиссия Еуразиялық көлік дәліздерінің тізбесін бекітеді.

## 3-бап

1. Көлік құралдарының осы Келісімде айқындалатын рұқсат етілетін массалары, осытік жүктемесі және габариттері көлік құралдарын автомобиль жолдарымен өткізудің техникалық мүмкіндігіне сүйене отырып, олардың мөлшері мен массаларына қойылатын ең төменгі талаптар ретінде сақталады.

Көлік құралдарының осы Келісімде белгіленген рұқсат етілетін массалары, осытік жүктемесі және габариттері көлік құралдарының өндірісіне қатысты емес.

2. Мүше мемлекеттердің заңнамасында тиісті мүше мемлекеттің автомобиль жолдарымен жүрген кезде көлік құралдарының рұқсат етілетін массасының, осытік жүктемесінің және габаритінің өзге мәндері белгіленуі мүмкін, олар осы Келісімде белгіленген мәндерден төмен болмауға тиіс.

3. Мұше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес автомобиль жолдарында көлік құралдарының жүруі кемсітпеушілік негізінде уақытша шектелуі немесе тоқтатылуы мүмкін. Мұндай автомобиль жолдарымен көлік құралдарының жүруін уақытша шектеу немесе тоқтату туралы шешімдер қабылданған жағдайда олардың иелері жол жүрісін, оның ішінде айналма жол жасау арқылы ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдайды, сондай-ақ автомобиль жолдарын пайдаланушыларды көлік құралдарының жүруін уақытша шектеу немесе тоқтату мерзімдері туралы және айналма жолды пайдалану мүмкіндігі туралы хабардар етеді.

Автомобиль жолының конструкциялық элементтерінің тірек қабілеті қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлардың салдарынан төмендеген кезеңге автомобиль жолдарында осы Келісімге № 2 және 3 қосымшаларда көрсетілген көлік құралдарының рұқсат етілетін массаларының және көлік құралының осіне немесе осындағы тобына келетін массасының мәндерін төмендетуге жол берілмейді.

#### **4-бап**

1. Автомобиль жолдарымен тасымалдарды жүзеге асырган кезде мұше мемлекеттер көлік құралдарының габариттері, массалары және көлік құралдарының осіне немесе осындағы тобына келетін массасы осы Келісімде және мұше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген мәндерден аспауына ұмтылуға туіс.

2. Осы Келісімге № 1-3 қосымшаларда көрсетілген рұқсат етілетін массалардан, осындағы тобына келетін массасы осы Келісімде және мұше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген жағдайда осы мәндерден асып кеткен кезде көлік құралының автомобиль жолдарымен жүруі үшін арнаулы рұқсаттың болуы талап етіледі.

3. Мұше мемлекеттердің заңнамасында осы баптың 2-тармағында көрсетілген ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті көлік құралдарының бөлінбейтін жүктемен жүруіне арнаулы рұқсаттар беру үшін шектеулер белгіленуі мүмкін.

#### **5-бап**

Мұше мемлекеттер автомобиль жолдары, автомобиль жолдарының участкелері массаның, осындағы тобына келетін массасы осы Келісімде белгіленген рұқсат етілетін мәндері бар көлік құралдарының олармен жүруі үшін қойылатын талаптарға толық шамада сай келуі үшін шаралар қабылдайды.

#### **6-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта айқындалған тәртіппен шешіледі.

#### **7-бап**

1. Мұше мемлекеттер осы Келісімді іске асыру үшін жауапты уәкілетті және құзыретті органдарды айқындейді.

2. Мұше мемлекеттер осы Келісімді іске асыру үшін жауапты уәкілетті және құзыретті органдар туралы Еуразиялық экономикалық комиссияны осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекеттік ішкі рәсімдердің орындағаны туралы хабарламамен бір мезгілде хабардар етеді. Уәкілетті немесе құзыретті органның атауы өзгерген жағдайда тиісті мұше мемлекет бұл туралы Еуразиялық экономикалық комиссияны хабардар етеді.

#### 8-бап

Мұше мемлекеттердің құзыретті және (немесе) уәкілетті органдарының өкілдері осы Келісімді іске асыру мәселелері бойынша жұмыс кездесулерін өткізе алады.

#### 9-бап

1. Осы Келісім депозитарий осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекеттік ішкі рәсімдердің мұше мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

2. Мұше мемлекеттердің өзара келісуі бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер енгізілуі мүмкін.

3. Осы Келісім Одақ шенберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады және Одақтың құқығына кіреді.

20\_жылғы "—" қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, әрбір мұше мемлекетке оның қуәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін	Беларусь Республикасы үшін	Қазақстан Республикасы үшін	Қыргыз Республикасы үшін	Ресей Федерациясы үшін
------------------------------	-------------------------------	--------------------------------	-----------------------------	---------------------------

Еуразиялық экономикалық  
одаққа мұше мемлекеттердің  
еуразиялық көлік дәліздеріне  
кіретін автомобиль жолдарымен  
жүрген кезде көлік  
құралдарының рұқсат етілетін  
массалары, осътік жүктемесі және  
габариттері туралы  
келісімге  
1-ҚОСЫМША

#### Көлік құралдарының рұқсат етілетін габариттері

(метр)

Көлік құралының рұқсат етілетін ұзындығы

Көлік құралының немесе көлік құралдарының біріктірілген типі	12
Жеке-дара көлік құралдары	20
Тіркемелер	13,5
Автопойыздар	15
Екі осыті автобустар	18,75
Ось саны 2-ден асатын автобустар	2-ден аспауга тиіс
Бұйынды автобустар	
Көлік құралы габаритінің артқы нүктесінен шығып тұратын жүктің ұзындығы	Көлік құралының рұқсат етілетін ені
Көлік құралының немесе көлік құралдарының біріктірілген типі	2,55
Барлық көлік құралдары	2,6
Көлік құралдарының изотермиялық шанақтары	Көлік құралының рұқсат етілген биіктігі
Көлік құралының немесе көлік құралдарының біріктірілген типі	4
Барлық көлік құралдары	

Ескертпе:

1. Көлік құралдарының рұқсат етілетін шекті габариттеріне алып-салынатын шанақтардың және жүктеге арналған ыдыстардың, оның ішінде контейнерлердің мөлшері кіреді және автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, күрделі жөндеу, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде пайдаланылатын көлік құралдарының аспалы жабдықтарының мөлшері кірмейді.

2. Ұзындықты өлшеген кезде көлік құралына орнатылған мынадай құрылғылар есепке алынбайды:

жел әйнектерін тазалау және жуу құрылғылары;

алдыңғы және артқы тіркеу белгілерінің тақтайшалары мен мемлекеттік тіркеу белгілерін бекітуге арналған конструктивтік элементтер;

кедендей пломбалау және оны қорғау элементтері;

тентті бекіту құрылғылары және оларды қорғау элементтері;

жарықтандыру және жарық сигналізациясы құрылғылары;

сыртқы айналар және тікелей шолып көрсетпейтін басқа құрылғылар;

қосалқы бақылау құралдары;

іштен жану қозғалтқышының енгізу жүйесіне аяу жинау құрылғылары;

бөлшектенетін шанақтарға арналған тоқтату құрылғылары;

баспалдақтар мен тұтқалар;

икемді буферлік құрылғылар немесе ұқсас жабдық;

көлік құралының жүк көтергіштігінің ұлғайтылмауы шартымен габариттік мөлшерді 300 мм-ден артық ұлғайтпайтын журуге арналған қалыптағы көтергіш платформалар, рампалар және ұқсас жабдықтар;

көлік құралдарының тіркеу және сүйреу құрылғылары;

шығару жүйесінің тұтікшелері;

алмалы-салмалы спойлерлер;

байланыс желісінен электр қуатын алатын көлік құралдарының ток қабылдағыштары;

күннен қорғайтын сыртқы құнқағарлар.

3. Енін өлшеген кезде көлікке монтаждалған мынадай құрылғылар есепке алынбайды:

кедендік пломбалau және оны қорғau элементтерi;

тентті бекіту құрылғылары және оларды қорғau элементтерi;

шиналардағы қысымды бақылау құрылғылары;

дөңгелектің астынан шашыраудан қорғau жүйесінің шығып тұратын икемді бөліктерi;

М3 санатындағы көлік құралдарының жүрге арналған қалыптағы кіру рампалары, көтергіш платформалары және жүрге арналған қалыптағы ұқсас жабдығы, бұл құрылғылардың көлік құралының бүйір жақ бетінен 10 мм-ден артық шығып тұрмауы әрі ілгері және кейін бағытталған рампалардың бұрыш жиектерінің доғалдану радиусы кемінде 5 мм болуы шартымен;

бұл ретте басқа жиектердің доғалдану радиусы кемінде 2,5 мм болуға тиіс;

сиртқы айналар және тікелей шолып көрсетпейтін басқа құрылғылар;

қосалқы бақылау құралдары;

жиналмалы баспалдақтар;

жарықтандыру және жарық сигнализациясы құрылғылары;

беткі қабатпен жанасатын жерінің дәл үстіндегі шиналардың бүйір қабырғаларының деформацияланатын бөлігі.

4. Биіктікті өлшеген кезде көлік құралына монтаждалған мынадай құрылғылар есепке алынбайды:

антенналар;

көтерілген қалыптағы пантографтар немесе ток қабылдағыштар.

Еуразиялық экономикалық  
одаққа мүше мемлекеттердің  
еуразиялық көлік дәліздеріне  
кіретін автомобиль жолдарымен

жүрген кезде көлік  
құралдарының рұқсат етілетін  
массалары, осыткі жүктемесі  
және габариттері туралы  
келісімге

2-ҚОСЫМША

## Көлік құралдарының рұқсат етілетін массалары

Көлік құралының немесе көлік құралдарының біріктірілген типі, осытердің саны мен орналасуы	Көлік құралының рұқсат етілетін массасы (тонна)

Жеке-дара автомобилдер	
екі осыті	18
үш осыті	25
төрт осыті	32
бес және одан да көп осыті	38
Жеке-дара автобустар	
екі осыті	18
үш осыті	25
төрт осыті	32
Бұйынды автобустар	
үш осыті	28
төрт осыті	36
бес және одан да көп осыті	40
Автопойыздар	
үш осыті	28
төрт осыті	36
бес және одан да көп осыті	40
алты және одан да көп осыті	44

Еуразиялық экономикалық  
одаққа мүше мемлекеттердің  
еуразиялық көлік дәліздеріне  
кіретін автомобиль жолдарымен  
жүрген кезде көлік  
құралдарының рұқсат етілетін  
массалары, осытік жүктемесі және  
габариттері туралы  
келісімге  
3-ҚОСЫМША

## Оське немесе осытер тобына келетін рұқсат етілетін массалар

Көлік құралы осытерінің орналасуы*	Таяу орналасқан осытердің арасындағы қашықтық (метр)	Дөңгелекті көлік құралының осіне руқсат етілетін жүктеме (тонна)**
Жеке-дара ось Таяу орналасқан қосарланған осытер тобы	2,5-ден артық	10,5 (11,5)
	1 -ге дейін (коса алғанда)	11,5 (12,5)
	1-ден артық 1,3-ке дейін (коса алғанда)	14 (16)
	1,3-тен артық 1,8-ге дейін (коса алғанда)	17 (18)
	1,8-ден артық 2,5-ке дейін (коса алғанда)	18 (20)
Таяу орналасқан үш катар осытер тобы	1-ге дейін (коса алғанда)	17 (18)
	1-ден артық 1,3-ке дейін (коса алғанда)	20 (21)
	1,3-тен артық 1,8-ге дейін (коса алғанда)	23,5 (24)
	1,8-ден артық 2,5-ке дейін (коса алғанда)	25 (26)
	1-ге дейін (коса алғанда)	5,5 (6)

Осьтер саны 3-тен асатын таяу орналасқан осьтер тобы (бір осьте 2-ден аспайтын бір қатарлы немесе екі қатарлы дөңгелек)	1-ден артық 1,3-ке дейін (коса алғанда)	6,5 (7)
	1,3-тен артық 1,8-ге дейін (коса алғанда)	7,5 (8)
	1,8-ден артық 2,5-ке дейін (коса алғанда)	8,5 (9)
Осьтер саны 2 және одан да көп таяу орналасқан осьтер тобы (бір оське 4 (коса алғанда) және одан да көп бір қатарлы немесе екі қатарлы дөңгелек)	1-ге дейін (коса алғанда)	11
	1-ден артық 1,3-ке дейін (коса алғанда)	12
	1,3-тен артық 1,8-ге дейін (коса алғанда)	14
Көлік құралы осьтерінің орналасуы*	Таяу орналасқан осьтердің арасындағы қашықтық (метр)	Дөңгелекті көлік құралының осінен рұқсат етілетін жүктеме (тонна)**
	1,8-ден артық 2,5-ке дейін (коса алғанда)	16

\*Жеке-дара ось - көлік құралының ең жақын басқа осінен 2,5 метрден астам қашықтықта орналасқан осі.

Таяу орналасқан осьтер тобы - конструкциялық жағынан арбаға біріктірілген және (немесе) біріктірілмеген, ең жақын осьтер арасындағы қашықтық 2,5 метрге дейінгі (коса алғанда) топтастырылған осьтер.

\*\*Таяу орналасқан қосарланған және үш қатар осьтер топтары үшін - осьтердің бір тобына келетін рұқсат етілетін масса.

Ескертпе: 1. Бір қатарлы дөңгелегі бар осьтерге арналған мәндер жақшасыз берілген (көлік құралының бір шиналы дөңгелегі), жақшаның ішінде екі қатарлы дөңгелегі бар (көлік құралының екі шиналы дөңгелегі) осьтерге арналған мәндер жазылған.

2. Құрамында бір қатарлы және екі қатарлы дөңгелекті осьтері бар жақын орналасқан осьтер тобын құрамында бір қатарлы дөңгелекті осі бар жақын орналасқан осьтер тобы ретінде қарастыру керек.

3. Жақын орналасқан қосарланған және үш қатар орналасқан осьтер топтары үшін бір оське түсетін рұқсат етілетін жүктеме, осы ескертпенің 4-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, осьтер тобына түсетін жүктемені топтағы осьтердің тиісті санына бөлу арқылы айқындалады.

4. Егер осьтер тобына түсетін жүктеме осьтердің тиісті тобына түсетін рұқсат етілетін жүктемеден аспайтын болса және осьтер тобындағы әрбір оське түсетін жүктеме бір қатарлы немесе екі қатарлы дөңгелектері бар тиісті жеке-дара оське түсетін жүктемеден аспайтын болса, қосарланған және үш қатар жақын орналасқан осьтер тобы үшін жүктемені осьтер бойынша біркелкі бөлмеуге жол беріледі.

5. Осьтер тобында осьаралық қашықтықтың мәндері әртүрлі болған кезде осьтер арасындағы әрбір қашықтыққа арифметикалық орташалау әдісімен алынған мән

беріледі (топтағы барлық осъаралық қашықтықтың қосындысы топтағы осъаралық қашықтықтың санына бөлінеді).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК